Физика мұғалімдерін даярлау мәселесін зерттеген Г.Б. Әлімбекова (2009) болашақ мұғалімдерді даярлауды олардың кәсіби қызметінің барлық қырларын жан-жақты меңгерту үдерісі ретінде қарастырады. Ғалым кәсіби даярлықтың құрамында мұғалімнің кәсіби білімдері, біліктері, дағдылары және кәсіби жағдайларда тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер жүйесі болуы тиіс екенін атап көрсетеді. Бұл өз кезегінде болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлауда әдістемелік, зерттеушілік және эксперименттік құзыреттердің өзара байланыста қалыптасу қажеттігін негіздейді.

А. Әбілқасимова мен А. Семеновтің (2024) зерттеуінде педагогикалық жоғары оқу орнында мұғалім даярлаудың тиімділігі мектеп пен жоғары білім беру арасындағы сабақтастық қағидатын қамтамасыз етуге тығыз байланысты екені дәлелденген. Ғалымдар болашақ мұғалімдерді даярлауда университетте меңгерілетін білім мазмұнын орта мектептегі оқыту тәжірибесімен байланыстыру қажеттілігін негіздейді. Зерттеуде сабақтастық білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлері арасындағы мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастырушылық байланыстарды қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық принцип ретінде қарастырылады. Сондай-ақ білім алушылардың педагогикалық практикаға ерте қамтылуы олардың кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік даярлығын және оқыту үдерісін ұйымдастыру дағдыларын жетілдіретіні дәлелдеп ұсынылған. Ұсынылған тұжырымдық пікірлер болашақ пән мұғалімдерін физиканы оқытуда оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау мәселесі үшін де ерекше маңызды болып

табылады. Себебі зерттеушілік оқытуды тиімді ұйымдастыру болашақ мұғалімдердің пәндік білімін мектеп физикасының мазмұнымен, физикалық оқу эксперименттерімен және педагогикалық тәжірибесімен байланыстыра даярлауды қажет етеді. Осыған байланысты болашақ физика мұғалімдерін даярлауда зерттеушілік тапсырмалар, физикалық оқу эксперименттері, цифрлық зертханалар және педагогикалық практика өзара сабақтастықта ұйымдастырылуы қажет деп есептейміз.

Физика мұғалімдерін даярлаудың тәжірибелік бағытын арттыру мәселесі Б. Курбанбековтың (2021) зерттеулерінде көрініс табады. Автор болашақ мұғалімдерді даярлауда тәжірибелік-эксперименттік компоненттің ерекше маңызды болатынын атап көрсете отырып, «Мектеп эксперименті техникасы» курсы негізінде олардың эксперименттік даярлығын жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынады. Зерттеушінің еңбегінде физикалық құбылыстарды арнайы құрал-жабдықтар арқылы көрсету, экспериментті ғылыми және әдістемелік талаптарға сай ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау және эксперимент нәтижелерін талдау мұғалімнің кәсіби даярлығының маңызды көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Сондықтан, бұл тұжырымдалған пікір оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралдарының бірі физикалық эксперимент екенін дәлелдейді.

А. Батырбекованың (2024) зерттеуінде педагогикалық жоғары оқу орнында кәсіби бағытта оқыту білім алушылардың пәндік білімін болашақ педагогикалық қызметпен ұштастыруға негізделу қажеттілігіне тоқталады. Автор жоғары оқу орнында алынған физикалық білім мектеп физикасының мазмұнымен, оны оқыту әдістемесімен және нақты педагогикалық жағдаяттармен байланысты болғанда ғана кәсіби мәнге ие болады, деп есептейді. Оның осы пікірі болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау мәселесі үшін маңызды деп есептейміз. Өйткені зерттеушілік оқытуды тиімді жүзеге асыру мұғалімнің пәндік білімді оқыту тәжірибесімен кіріктіре алу қабілетіне тікелей қатысты болады.

Сонымен, қарастырылған ғылыми-әдістемелік еңбектерде болашақ физика мұғалімдерін даярлау мазмұны университеттік деңгейдегі физиканың теориялық курстарын меңгерумен шектелмеуі керектігін нақтылайды. Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың мазмұны мектеп физикасының ерекшеліктеріне, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне, оқу үдерісінің практикалық сипатына және зерттеушілік оқыту талаптарына бейімделуі қажеттілігін анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ мұғалімдердің пәндік білімін әдістемелік біліммен, эксперименттік даярлықпен және зерттеушілік құзыреттілікпен ықпалдастыру қазіргі физика мұғалімдерін даярлауда басты міндеттерінің бірі болары сөзсіз.

Халықаралық зерттеулерде де болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлауда педагогикалық білім (Pedagogical Knowledge), пәндік білім (Content

Knowledge) және пәнді оқыту әдістемесіне қатысты білім (Pedagogical Content Knowledge) компоненттерінің маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі. Sorge, Kröger, Petersen және Neumann (2019) болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби білім құрылымын зерттей отырып, мұғалімнің кәсіби даярлығы пәндік білім мен әдістемелік даярлықтың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатынын дәлелдейді. Ал Ngaisah, Ramli, Karyanto, Nasri және Halim (2018) зерттеулерінде зерттеушілік оқыту оқушылардың ғылыми ойлауын, зерттеушілік қабілеттерін және дербестігін дамытуға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Авторлар мұғалімдердің зерттеушілік оқыту технологияларын меңгеруі оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастырудың негізгі шарты екенін атап көрсетеді. Nguyen T., Nguyen V. және Tran (2024) өздерінің зерттеу жұмысында болашақ физика мұғалімдерінің эксперименттік құзыреттілігін дамыту мәселесін қарастырады. Олар зерттеушілік оқыту технологиясының жоғары оқу орындарының білім алушыларының зерттеу жүргізу, болжам құрастыру және экспериментте алынған нәтижелерді талдау дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін дәлелдейді.

Педагогикалық практиканың болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлін зерттеген Mykolaiko (2023) білім алушыларға ұсынылатын зерттеушілік тапсырмалар мен өз тәжірибесіне жасалған рефлексиялық талдауының олардың кәсіби дамуына оң әсер ететінін көрсеткен.

Kyriazis, Stylos және Kotsis (2025) жүргізген зерттеуде зерттеушілік сипаттағы зертханалық жұмыстардың болашақ мұғалімдердің физикалық құбылыстарды түсінуіне және өз кәсіби мүмкіндіктеріне деген сенімділігін арттыруға ықпалы анықталған. Авторлар зертханалық жұмыстарды зерттеушілік сипатта жүзеге асыру білім алушылардың ғылыми ойлауын дамытумен қатар, олардың эксперименттік зерттеулерді ұйымдастыру қабілеттерін жетілдіретінін көрсетеді.

Ariani, Maison, Purwaningsih және Hariyadi (2026) болашақ физика мұғалімдерінің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселесін зерттеген. Авторлар зерттеуге бағытталған зертханалық жұмыстардың білім алушылардың бақылау жүргізу, зерттеу барысында мәліметтерді жинау, алынған деректерді талдау және соның нәтижесінде қорытынды жасау тәрізді зерттеу әрекеттерін қалыптастыруға әкелетінін дәлелдеген. Сонымен қатар зерттеушілер зерттеу әрекетін нақты өмірлік және жергілікті контекспен байланыстыру білім алушылардың зерттеушілік белсенділігін арттыратынын атап көрсетеді.

Болашақ физика мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеген Bakhytzhanova, Tolegenova және Nurmaganbetov (2026) зерттеушілік құзыреттіліктің ғылыми-әдістемелік негіздерін ұсынды. Зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің зерттеушілік даярлығы пәндік білім, әдістемелік даярлық, эксперименттік тәжірибе және ғылыми рефлексияның

өзара байланысы негізінде қалыптасатынын көрсеткен. Авторлар зерттеушілік құзыреттілікті дамыту кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі екенін және ол болашақ мұғалімдердің оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыру қабілетіне тікелей әсер ететінін негіздейді.

Жүргізілген ғылыми әдебиеттерді талдау қорытындысы болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау әдістемелік, зерттеушілік және эксперименттік даярлықтың өзара байланысына негізделуі тиіс екенін көрсетті. Сонымен қатар зерттеушілердің еңбектері кәсіби даярлық мазмұнына зерттеушілік оқыту технологияларын, ғылыми зерттеу әдістерін және физикалық экспериментті кіріктірудің маңыздылығын дәлелдейді.

Зерттеу аясында «6B01504 – Физика» білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелерін талдау нәтижелері болашақ маманның зерттеушілік даярлығына баса назар аударылатынын екенін көрсетті. Атап айтқанда, түлектер ғылыми зерттеу әдістерін меңгеруі, ғылыми ақпаратты жинау, өңдеу және интерпретациялау қабілетіне ие болуы, физикадан эксперименттік және теориялық зерттеулер жүргізуі, заманауи ақпараттық технологиялар мен ғылыми құралдарды пайдалана отырып физикалық құбылыстарды зерттей алуы тиіс. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің ғылыми таным әдістерін меңгеруі және физикалық білімді тәжірибелік мәселелерді шешуде қолдана алуы талап етіледі. Бұл талаптар оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыру үшін қажетті зерттеушілік құзыреттіліктердің негізін құрайды.

Болашақ мұғалімдерді зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау мәселесі білім беру бағдарламасының пәндік мазмұнында да кеңінен қамтылған. «Физиканы оқытудың әдістері мен технологиялары» пәні білім алушылардың пәнді оқытуға қажетті педагогика және дидактика саласындағы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Аталған пән аясында білім алушылар орта мектепте физика пәнін оқыту түрлерін таңдауды, әртүрлі оқыту технологияларын қолдануды, оқу процесін жоспарлауды, ұйымдастыруды және өзара, өзін-өзі бағалау арқылы болашақ тәжірибеде оқушылардың білім жетістіктерін бағалауды меңгереді. Бұл болашақ мұғалімдердің зерттеушілік оқыту технологияларын тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде проблемалық оқыту, жобалық оқыту және зерттеушілік оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік негізін құрайды.

«6B01504 – Физика» білім беру бағдарламасында қарастырылған «Физикадағы зерттеулер, даму және инновациялар» пәні болашақ мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға мақсатты бағытталған. Пәннің мақсаты білім алушылардың зерттеуге бағдарланған ойлауын қалыптастыру, болашақ тәжірибесінде оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың инновациялық әдістерін әзірлеу және оны қолдану дағдыларын дамыту болып табылады. Пәнді меңгеру шегінде

білім алушылар ғылыми зерттеулерге қатысады, ғылыми жобаларды жүзеге асырады, зерттеу нәтижелерін рәсімдейді және өздерінің зерттеулерінің нәтижелерін және қорытындыларын ғылыми коммуникация түрлері арқылы ұсынады. Бұл өз кезегінде болашақ мұғалімдердің кейін мектеп жағдайында оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруына қажетті кәсіби негіз қалыптастырады.

Болашақ физика мұғалімдерінің зерттеушілік даярлығын қалыптастыруда базалық және кәсіптендіру пәндер цикліне кіретін «Физиканы оқытуды жоспарлау және оқытуды даралау», «Физиканы оқыту әдістемесі: жеке сұрақтар», «Физиканы оқытудың әдістері мен технологиялары» пәндер білім алушылардың мектеп физикасының мазмұнын оқыту әдістерімен ұштастыруына мүмкіндік береді. Аталған пәндер аясында болашақ мұғалімдер орта мектеп жағдайында физика пәнінен ұйымдастырылатын сабақтарды жобалау, оларға ғылыми-әдістемелік талдау жүргізу, зерттеу сипатындағы тапсырмалар әзірлеу және оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру дағдылары меңгереді. Мектеп оқушыларына ұсынылатын зерттеушілік бағыттағы тапсырмаларды құрастыру дағдылары дәл осы пәндер арқылы қалыптасады.

Зерттеушілік әрекетті ұйымдастырудың практикалық негізі «Мектептегі физикалық эксперимент», «Физикалық есептерді шығару практикумы» пәндерінде жүзеге асады. Физикалық есептерді шығару практикумында білім алушылар мектеп курсындағы механика, молекулалық физика, электр және магнетизм, оптика бөлімдері бойынша есептер шығарумен қатар, есеп шығаруда эксперименттік әдістерді қолдануды үйренеді. Эксперименттік тапсырмаларды орындау білім алушылардың ғылыми зерттеулерді бақылау, физикалық шамалардың өлшеу, болжам құрастыру, экспериментті жоспарлау және алынған нәтижелерді талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Мектептегі физикалық эксперимент» пәні зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлауда маңызды орын алады. Пән мазмұнында физикалық эксперименттің түрлері, эксперимент жүргізу техникасы мен әдістемесі, физикалық оқу экспериментінің құрылымы және оның оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері қарастырылады. Білім алушылар мектеп физикасының эксперименттерін жобалау, құрал-жабдықтарды қолдану, цифрлық ресурстарды пайдалану және эксперимент нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын меңгереді. Аталған дағдылар болашақ тәжірибеде оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралдары болып табылады.

Жоғарыда аталған пәндердің мазмұнын талдау болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау мәселесі жоғары педагогикалық білім беру бағдарламасының әртүрлі деңгейлерінде қамтылғанын көрсетеді. Алайда пәндердің мазмұны зерттеушілік құзыреттіліктің жекелеген компоненттерін қалыптастыруға

бағытталғанымен, оларды біртұтас жүйеге біріктіретін арнайы әдістеменің жеткіліксіздігі байқалады. Сондықтан болашақ физика мұғалімдерін физиканы оқыту барысында оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлаудың ғылыми негізделген әдістемесін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Мұндай әдістеме әдістемелік, зерттеушілік және эксперименттік даярлық компоненттерін кешенді түрде біріктіріп, болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде зерттеушілік оқытуды тиімді ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

1-кестеден «6B01504 – Физика» білім беру бағдарламасының мазмұнында болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлауға бағытталған пәндерді белгілі бір реттілікпен меңгеретінін көруге болады. «Физикадағы зерттеулер, даму және инновациялар» пәні ғылыми-зерттеушілік мәдениетті қалыптастыруға бағытталса, «Мектептегі физикалық эксперимент» пәні зерттеу әрекетінің тәжірибелік негізін құрайды. Ал «Физиканы оқытудың әдістері мен технологиялары» және «Физиканы оқыту әдістемесі: жеке мәселелер» пәндері зерттеушілік оқытуды мектеп практикасына енгізудің әдістемелік механизмдерін меңгертуді көздейді.

Кесте 1 – 6B01504 «Физика» білім беру бағдарламасы пәндерінің болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлаудағы мүмкіндіктері

Пән атауы	Пәннің негізгі мазмұны	Қалыптастырылатын құзыреттер	Оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға қосатын үлесі
Физиканы оқытудың әдістері мен технологиялары	Оқыту модельдерін таңдау, оқыту технологияларын қолдану, оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік құзыреттер	Проблемалық оқыту, жобалық оқыту және зерттеушілік оқыту технологияларын меңгеру арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін қалыптастырады
Физикадағы зерттеулер, даму және инновациялар	Ғылыми зерттеулер жүргізу, инновациялық тәсілдерді әзірлеу, ғылыми жобалар дайындау, нәтижелерді ұсыну	Зерттеушілік мәдениет, инновациялық құзыреттілік, ғылыми коммуникация	білім алушылардың зерттеуге бағдарланған ойлауын қалыптастырып, ғылыми жобаларды ұйымдастыру мен басқару тәжірибесін береді
Физиканы оқыту әдістемесі: жеке мәселелер	Мектеп физикасының мазмұнын оқыту әдістерімен байланыстыру, сабақ жобалау, ғылыми-әдістемелік талдау жүргізу	Әдістемелік және жобалау құзыреттері	Зерттеу сипатындағы тапсырмаларды құрастыруға және оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыруға үйретеді
Мектептегі физикалық эксперимент	Физикалық эксперименттің түрлері, техникасы мен әдістемесі, оқу экспериментін ұйымдастыру	Эксперименттік-әдістемелік құзыреттер	Оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралы ретінде мектеп эксперименттерін жобалау, жүргізу және нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын дамытады

Сонымен, «Б01504 – Физика» білім беру бағдарламасының мазмұнын талдау білім алушылардың зерттеушілік даярлауға әкелетін пәндердің жеткілікті екендігін көрсеткенімен, олардың мазмұнын оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға бағытталған біртұтас әдістемелік жүйеге біріктіру қажеттілігі сақталатынын көрсетті.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге және физика пәні мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламасына жүргізілген зерттеу нәтижесінің қорытындысы болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлауда арнайы әдістемелік жүйені әзірлеудің қажеттілігіне әкелді.

Зерттеу әдістері. Жүргізілген зерттеудің әдіснамалық негізін құзыреттілік тәсіл, іс-әрекеттік тәсіл, тұлғалық-бағдарланған тәсіл және зерттеушілік оқыту тұжырымдамасы құрайды. Зерттеуде ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, жағдаяттық тапсырмалар орындау, сауалмана жүргізу, өзін-өзі бағалау, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Болашақ физика мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында жағдаяттық сипаттағы диагностикалық тапсырма әзірленді. Тапсырма білім алушылардың ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдерін меңгеру деңгейін бағалауға бағытталды. Диагностикалық материалдың мазмұны нақты зерттеу мәселесін анықтау, зерттеу мақсатын тұжырымдау, ғылыми болжам (гипотеза) ұсыну, зерттеу әдістерін таңдау және күтілетін нәтижелерді болжау сияқты зерттеушілік әрекеттің негізгі компоненттерін қамтиды.

Болашақ физика мұғалімдерінің оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға қажетті әдістемелік даярлығының қалыптасу деңгейін анықтайтын арнайы сауалнама әзірленді. Сауалнама білім алушылардың зерттеушілік оқытуды қолдану, зерттеу сипатындағы тапсырмалар құрастыру, зерттеу сабақтарын жобалау және оқушылардың танымдық әрекетін басқару бойынша әдістемелік құзыреттерін бағалауға бағытталды.

Сауалнама мазмұны әдістемелік даярлықтың төрт негізгі компонентін қамтиды. Бірінші компонент білім алушылардың зерттеушілік оқыту туралы білімін және оларды физика сабақтарында қолдануға дайындығын анықтайды. Екінші компонент зерттеу сипатындағы тапсырмаларды құрастыру қабілетін бағалайды. Бұл бөлімде білім алушылардың ғылыми мәселе қою, болжам ұсыну және зерттеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеу мүмкіндіктері анықталды. Үшінші компонент зерттеу сабағын жобалау білігін бағалауды көздеді. Мұнда білім алушылардың зерттеу сабағының құрылымын анықтау, мақсат қою, зерттеу кезеңдерін жоспарлау және зерттеу нәтижелерін талқылауды ұйымдастыру қабілеттері сараланды. Төртінші компонент оқушылардың танымдық әрекетін басқаруға байланысты болды және білім алушылардың зерттеу жұмысына қызығушылық қалыптастыру, зерттеу әрекетін бағыттау, нәтижелерді бағалау және топтық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру дағдыларын анықтауға мүмкіндік берді.

Сауалнама бес балдық Лайкерт шкаласы негізінде құрастырылды. Қатысушылар әрбір тұжырым бойынша өз келісім деңгейін «толық келісемін», «келісемін», «мүлдем келіспеймін» деп бағалады. Жиналған мәліметтер негізінде болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік даярлығының қалыптасу деңгейлері жоғары, орта және төмен деңгейлері анықталды.

Болашақ физика мұғалімдерінің эксперименттік даярлығының қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім алушылар өзін-өзі бағалау сауалнамасын толтырды. Өзін-өзі бағалау сауалнамасы арқылы білім алушылар физикалық эксперименттерді ұйымдастыруға, эксперименттік құрал-жабдықтарды пайдалануға, цифрлық зертханалармен жұмыс істеуге, эксперимент нәтижелерін өңдеу және интерпретациялауға, сондай-ақ оқушылардың эксперименттік-зерттеу әрекетін ұйымдастыруға қатысты өз мүмкіндіктерін бағалады.

Сауалнама бес балдық Лайкерт шкаласы негізінде жүргізілді. Білім алушылар әрбір тұжырым бойынша өздерінің келісу деңгейін 1-ден 5 балға дейін бағалады. Мұндағы ең төменгі көрсеткіш зерттелетін әрекетті орындауда қиындықтардың бар екенін көрсетсе, ең жоғары көрсеткіш білім алушыда осы дағдының қалыптасқандығын білдіреді. Алынған нәтижелер сандық өңдеуден өткізіліп, эксперименттік даярлықтың жоғары, орта және төмен деңгейлері бойынша сараланды.

Өзін-өзі бағалау әдісін қолдану білім алушылардың өздерінің кәсіби мүмкіндіктерін рефлексиялауына, эксперименттік қызметтегі күшті және әлсіз жақтарын анықтауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар сауалнама нәтижелері бақылау карталары, практикалық тапсырмалар және эксперименттік жұмыстар нәтижелерімен салыстырылып, болашақ физика мұғалімдерінің эксперименттік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін кешенді бағалаудың қосымша диагностикалық құралы ретінде пайдаланылды.

Жүргізілген сауалнама болашақ физика мұғалімдерінің физикалық экспериментті ұйымдастыруға, зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан өңдеуге және оқушылардың эксперименттік-зерттеу әрекетін басқаруға даярлық деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Осыған байланысты өзін-өзі бағалау сауалнамасы эксперименттік даярлықтың қалыптасу динамикасын бағалаудың тиімді диагностикалық құралдарының бірі ретінде қарастырылды.


Зерттеу нәтижелері. Болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау жүйесі, 1-суреттен көрініп тұрғандай, өзара байланысқан әдістемелік даярлық, зерттеушілік даярлық және эксперименттік даярлық компоненттерінің бірлігі негізінде жүзеге асады. Бұл компоненттер болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының мазмұндық негізін құрай отырып, оның зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталады. Зерттеушілік құзыреттілік өз кезегінде физиканы оқыту әдістемесі саласындағы кәсіби міндеттерді шешуге, оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға және ғылыми таным үдерісін басқаруға мүмкіндік беретін бітіруші түлектің кәсіби қасиеті ретінде қарастырылады.

Ұсынылған жүйе теориялық (әдістемелік және зерттеушілік) даярлық, эксперименттік даярлық және педагогикалық практика арқылы үш кезеңде ұйымдастырылады.

Бірінші әдістемелік және зерттеушілік даярлықтарды қамтитын теориялық кезең мазмұны болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік және зерттеушілік даярлығының бастапқы негізін қалыптастыруға бағытталды. Бұл кезеңде білім алушылар «Физиканы оқытудың әдістері мен технологиялары», «Физикадағы зерттеулер, даму және инновациялар» пәндерін меңгеру арқылы зерттеушілік оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерімен танысады. Аталған кезең барысында білім алушылар ғылыми танымның философиялық және әдіснамалық негіздерін, ғылыми зерттеудің құрылымы мен кезеңдерін, зерттеу мәселесін анықтау тәсілдерін, болжам құрастыру әдістерімен қатар, зерттеушілік оқыту, проблемалық оқыту, жобалық оқыту, STEM технологияларын меңгереді.

Сонымен қатар аталған кезеңде аталған пәндердің практикалық сабақтарында білім алушылардың ғылыми ақпаратты іздеу, ғылыми мақалаларды талдау, ғылыми деректерді өңдеу және ғылыми нәтижелерді ұсыну дағдыларын қалыптастыруға назар аударылады. Теориялық даярлық кезеңінің нәтижесінде болашақ мұғалімдерде зерттеушілік мәдениет, ғылыми ойлау және зерттеуге бағдарланған кәсіби ұстаным қалыптасады.

Екінші эксперименттік даярлық кезеңі болашақ физика мұғалімдерінің эксперименттік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталды. Бұл кезең «Мектептегі физикалық эксперимент техникасы» пәні негізінде жүзеге асырылды. Осы кезеңде білім алушылар физикалық эксперименттердің түрлерін, эксперимент жүргізу техникасын, физикалық шамаларды өлшеу әдістерін, экспериментті жоспарлау және жобалау жолдарын, эксперименттік деректерді жинау және өңдеу тәсілдерін, эксперимент нәтижелерін интерпретациялау әдістерімен қатар, орта мектептің оқу бағдарламасына сай физикалық эксперименттерді ұйымдастыру ерекшеліктері және цифрлық зертханалар мен виртуалды эксперименттерді қолдану мүмкіндіктерін меңгереді. Аталған пән аясында білім алушылар мектеп физика курсының механика, молекулалық физика, электр және магнетизм, оптика бөлімдері бойынша эксперименттік тапсырмалар орындайды. Бұл жұмыстар ғылыми бақылау жүргізу, өлшеу нәтижелерін талдау, қателіктерді есептеу және эксперименттік қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады.



Сурет 1 — Болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау жүйесі

Сонымен қатар, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің білім алушылары цифрлық білім беру жағдайында PhET Interactive Simulations, Arduino платформасы, цифрлық датчиктер мен өлшеу құрылғылары, виртуалды зертханалық кешендер арқылы зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды үйренді.

Зертханалық даярлық кезеңінің соңында білім алушылар зерттеу сипатындағы физикалық тапсырмаларды өз бетінше құрастырып, эксперименттік зерттеу жұмыстарын жоспарлай алатын деңгейге жетеді (Nametkulova et al., 2025).

Үшінші кезең білім алушылардың педагогикалық практикасын қамтиды. Педагогикалық практика кезеңі әдістемелік, зерттеушілік және эксперименттік даярлық барысында қалыптасқан білім мен дағдыларды нақты мектеп жағдайында қолдануға бағытталады. Бұл кезеңде білім алушылар зерттеу сабақтарын жоспарлайды, оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастырады, зерттеу тапсырмаларын әзірлейді, эксперименттік есептерді қолданады. Педагогикалық практика барысында болашақ мұғалімдер оқушылардың ғылыми таным әрекетін басқаруды, олардың зерттеушілік қызығушылығын арттыруды және ғылыми мәселелерді өз бетінше шешуге бағыттауды үйренеді.

Сонымен қатар педагогикалық практикада білім алушылар сабақты

бақылау және оны талдау, өзіндік рефлексия жүргізу, портфолио әзірлеу, зерттеу нәтижелерін бағалау әрекеттерін орындайды.

Бұл кезеңнің жүзеге асуына білім алушылардың «Физиканы оқыту әдістемесі: жеке мәселелер» пәнін меңгеруі маңызды болып табылады. Аталған пән аясында білім алушылардың болашақ тәжірибелеріне қажетті дағдылары қалыптасады. Білім алушылар орта мектеп физикасының үлгілік бағдарламасының оқу мақсаттарына сай сабақты жобалау, зерттеу тапсырмаларын құрастыру және оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру дағдылары педагогикалық практика барысында қолданады.

Талқылау. Зерттеу аясында диагностикалық жұмыстар бітіруші білім алушылармен жүргізілді. Зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында болашақ физика мұғалімдеріне ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдерін қамтитын «Мектеп оқушылары арасында жарық диодты шамдардың энергия үнемдеудегі тиімділігін зерттеу қажет» деген үлгіде жағдаяттық тапсырмалар ұсынылды. Алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің зерттеушілік даярлығының құрылымдық компоненттері әртүрлі деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Жоғары деңгейдегі білім алушылар (қатысушылардың 63,6 %-ы) зерттеу мәселесін өз бетінше анықтап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін нақты тұжырымдай алды, ғылыми негізделген болжамдарын ұсынып, зерттеу әдістерін дұрыс тандады. Сонымен қатар олар эксперимент нәтижелерін ғылыми тұрғыдан талдап, негізделген қорытындылар жасау қабілетін көрсетті. Бұл білім алушылардың ғылыми ойлау дағдыларының, зерттеушілік мәдениетінің және зерттеу әрекетін жоспарлау қабілеттерінің жеткілікті деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді.

Орта деңгейдегі білім алушылар (қатысушылардың 32,4 %-ы) зерттеу әрекетінің негізгі кезеңдерін орындай алғанымен, зерттеу мәселесін нақтылауда, болжамды ғылыми негіздеуде және зерттеу нәтижелерін интерпретациялауда қиындықтары бар екені анықталды. Олардың басым бөлігі (56%) зерттеу әдістерін дұрыс тандағанымен, әдістерді қолданудың мақсатқа сәйкестігін толық негіздей алмады. Бұл білім алушылардың зерттеушілік әрекетті жүзеге асыру үшін белгілі бір деңгейде теориялық және практикалық дайындығының жеткіліктілігіне қарамастан әлі де зерттеу жұмыстарын өз бетінше ұйымдастыру тәжірибесінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Төмен деңгейдегі білім алушыларда (қатысушылардың 4 %-ы) зерттеу мәселесін анықтау, болжам құрастыру және ғылыми қорытынды жасау барысында айтарлықтай қиындықтары байқалды. Мысалы, білім алушылардың 8%-ы зерттеу әрекетінің кезеңдерін жүйелі түрде ұйымдастыра алмады және ғылыми зерттеу логикасын сақтауда қателіктер жіберді. Бұл олардың зерттеушілік қызметті жүзеге асыруға қажетті білімдері мен дағдыларының жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетеді.

Қорытындысында диагностикалық тапсырмалардың нәтижелері болашақ физика мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігі ғылыми мәселені анықтау, зерттеу мақсатын қою, болжам ұсыну, зерттеу әдістерін тандау және алынған


нәтижелерді ғылыми тұрғыдан талдау сияқты көрсеткіштер арқылы бағалануы мүмкін екенін дәлелдеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруда арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстардың, зерттеу сипатындағы тапсырмалардың, физикалық эксперименттердің және педагогикалық практиканың маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Болашақ физика мұғалімдерінің оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға қажетті әдістемелік даярлығының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері статистикалық өңдеуден өткізілді. Нәтижелер бойынша білім алушылардың 71,4%-ы жоғары деңгейге, ал 28,6%-ы орта деңгейге сәйкес келді. Төмен деңгей көрсеткіші анықталған жоқ.

Алынған нәтижелердің статистикалық маңыздылығын тексеру үшін Стьюденттің t-критерийі қолданылды. Статистикалық талдау нәтижесінде зерттелетін көрсеткіштер бойынша айырмашылықтардың мәнді екендігі анықталды ($p < 0,05$). Бұл болашақ физика мұғалімдерінің зерттеушілік оқыту технологияларын қолдану, зерттеу сипатындағы тапсырмалар құрастыру, зерттеу сабақтарын жобалау және оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру бағыттарындағы әдістемелік даярлығының жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында білім алушылардың басым бөлігі зерттеушілік оқытудың теориялық негіздерін, зерттеу сабақтарын ұйымдастырудың әдістемесін меңгергенін және оқушылардың зерттеу әрекетін басқаруға дайын екенін көрсетті. Бұл көрсеткіштер ұсынылған әдістеменің тиімділігін және оның болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдірудегі маңыздылығын дәлелдейді.

2-суретте болашақ физика мұғалімдерінің оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыру әдістемесі аясында жүргізілген өзін-өзі бағалау сауалнамасының нәтижесінің диаграммасы берілді.



Сурет 2 — Өзін-өзі бағалау сауалнамасының нәтижесі

Ең жоғары көрсеткіштер эксперименттік құралдармен жұмыс істеу білігі (92%) және цифрлық зертханаларды пайдалану дағдысы (91%) бойынша анықталды. Бұл нәтижелер болашақ мұғалімдердің заманауи физикалық құрал-жабдықтарды, өлшеу құрылғыларын және цифрлық зертханалық кешендерді тиімді пайдалана алатынын көрсетеді. Сонымен қатар білім алушылардың цифрлық технологияларды оқу процесіне енгізуге және зерттеу жұмыстарында қолдануға жоғары деңгейде дайын екендігін дәлелдейді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерістерін ескерсек, бұл көрсеткіштер кәсіби даярлықтың маңызды нәтижесі болып табылады.

Физикалық эксперименттерді ұйымдастыру қабілеті бойынша көрсеткіш 74%-ды құрады. Яғни білім алушылардың басым бөлігі эксперименттің мақсатын анықтау, қажетті құралдарды таңдау, жұмыс жоспарын әзірлеу және эксперимент жүргізу кезеңдерін меңгергенін көрсетеді. Дегенмен көрсеткіштің эксперименттік құралдармен жұмыс істеу деңгейінен төмен болуы білім алушылардың күрделі зерттеу жұмыстарын толық ұйымдастыру барысында қосымша тәжірибені қажет ететінін аңғартады.

Оқушылардың эксперименттік зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлық көрсеткіші 76%-ды құрады. Бұл болашақ мұғалімдердің зерттеушілік оқыту технологияларын қолдануға, оқушылардың эксперименттік жұмыстарын жоспарлауға және олардың зерттеу қызметін басқаруға жеткілікті деңгейде дайын екенін көрсетеді. Алынған нәтиже білім алушылардың педагогикалық және әдістемелік даярлығының эксперименттік қызметпен бірге қалыптасқанын дәлелдейді.

Эксперимент нәтижелерін өңдеу және талдау қабілеті 70% деңгейінде анықталды. Бұл өз кезегінде білім алушылардың алынған мәліметтерді жүйелеу, кестелер мен графиктер құру, нәтижелерді салыстыру және қорытындылау жұмыстарын орындай алатынын көрсеткенімен, деректерді терең ғылыми талдау және статистикалық өңдеу бағытында қосымша дайындықтың қажет екенін меңзейді.

Диаграммадағы ең төмен көрсеткіш эксперимент нәтижелерін ғылыми тұрғыдан түсіндіру бойынша анықталды (63%). Бұл көрсеткіш білім алушылардың эксперимент барысында алған мәліметтерді физикалық заңдар мен теориялар негізінде ғылыми тұрғыдан интерпретациялауда қиналатындықтарын көрсетеді. Олай болса, әлі де болса теориялық білім мен эксперименттік тәжірибені интеграциялау дағдыларын жетілдіру қажеттігін айқындайды.

Алынған нәтижелер болашақ физика мұғалімдерінің эксперименттік даярлығының жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Әсіресе құрал-жабдықтармен жұмыс істеу және цифрлық зертханаларды пайдалану көрсеткіштерінің жоғары болуы білім алушылардың заманауи эксперименттік қызметке дайын екендігін дәлелдейді. Сонымен бірге эксперимент нәтижелерін ғылыми тұрғыдан түсіндіру және зерттеу мәліметтерін талдау

бағытындағы көрсеткіштерді арттыру мақсатында зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар мен ғылыми интерпретацияға негізделген жұмыстардың үлесін көбейту қажеттілігі анықталды. Бұл өз кезегінде болашақ физика мұғалімдерінің оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлығын одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, ұсынылған әдістеме әдістемелік даярлық, зерттеушілік даярлық және эксперименттік даярлықтың өзара байланысына негізделген біртұтас педагогикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйе болашақ физика мұғалімдерінің оқушылардың зерттеу әрекетін тиімді ұйымдастыруға даярлығын қамтамасыз етіп, олардың кәсіби қызметінде зерттеушілік оқыту технологияларын нәтижелі қолдануына мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері болашақ физика мұғалімдерін оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыруға даярлау үшін арнайы әдістемелік жүйені қолданудың тиімді екенін көрсетті. Ұсынылған әдістеме мотивациялық-құндылықтық, теориялық-әдістемелік, тәжірибелік-әрекеттік және рефлексивтік компоненттердің өзара байланысына негізделеді. Әдістемені жоғары педагогикалық оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізу болашақ мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға және мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

References

Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministrlıǵı. (2022). Orta bılım berudiń memlekettkik jalpyǵa mindetti standarty. [Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan. State mandatory standard of Secondary Education]. — Astana. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029836> (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy. (2023). Qazaqstan Respublikasynda bılım berudi damytudyń 2023–2029 jylǵarǵa arnalǵan tıjyrymdamasy. [Concept for the development of education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. — Astana. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (in Kazakh)

«6B01504 – Fizika» Bılım beru baǵdarlamasy [Educational program «6B01504 – Physics»]. <https://abai.university/faculties/fakultet-matematiki-fiziki-i-informatiki> (in Kazakh)

Faizullaev A. Bolaşaq fizika mūǵalimderine kásiptik bılım berudiń didaktikalyq negizderi: p.ǵ.d ... avtoref. [Didactic foundations of vocational education for future physics teachers: doctor of Pedagogical Sciences... abstract]. — Astana, 2010. — 45 b. (in Kazakh)

İlšov N. Bolaşaq fizika mūǵalimnıń kásipti daiyndıǵın damytudyń ádistemelik júiesi: p.ǵ.d ... avtoref. [Methodological system for the development of professional training of the future physics teacher: doctor of Pedagogical Sciences... abstract]. — Almaty: Abai atyndaǵy QazÚPU, 2007. — 13 b. (in Kazakh)

Toqbergenova U.Q. Mekteptegı jaratylstanu pänderiniń mazmúnyn baǵdarly saraladyń teorıalyq negizderi: ped.ǵylm.dok... avtoref. [Theoretical foundations of the directed differentiation of the content of natural science disciplines in schools: ped.science.Doc is the author of the abstract]: 13.00.01. — Almaty, 2009. — 51 b. (in Kazakh)

Abylkasymova A.E., Kalybekova J., Jadraeva L.U. (2022). Joǵary oqu oryndarynda matematika kursyn kásipti baǵytta oqtudyń keibir aspektileri [Some aspects of teaching a mathematics course in higher education in a professional direction] // Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seria: Fiziko-matematicheskie nauki, 2022. — Vyp. 77, № 1. — P. 165–171. (in Kazakh)

Alimbekova G.B. Fizika mūǵalimnıń kásipti daıarlyǵın ǵylımı úǵymdar júiesin qalyptastyru

negızında jetildir. p.ğ.d ... diss. [Improving the professional training of a physics teacher on the basis of the formation of a system of scientific concepts. doctor of Pedagogical Sciences.. diss.] — Almaty, 2009. — 167 b. (in Kazakh)

Abylkasymova A.E., Semenov A.L. (2024). O probleme premstvenosti obuchenia matematike v škole i v pedagogicheskom vuze. [On the problem of continuity of teaching mathematics at school and at a pedagogical university]. CONTINUUM. MATEMATIKA. INFORMATIKA. OBRAZOVANIE. — №2, 2024. — P. 31-41. DOI: 10.24888/2500-1957-2024-2-31-41 (in Russian)

Kurbanbekov B.A.(2021). «Mektep eksperimentiniñ teknikasy» kursy negızinde bolaşaq fizika mūğalimderiniñ tājiribelik daiyndyğyn jetildir. Doctoral dissertation: 6D011000 - Fizika. [Improving the practical training of future physics teachers on the basis of the course" technique of school experiment". Doctoral dissertation: 6D011000-Physics]. — Türkıstan, 2021. — 150 b. (in Kazakh)

Batyrbekova A.J. (2024). Bolaşaq fizika mūğalimderine «Molekulalyq fizika» kursyn kāsibi bağıtta oqytudyñ ädistemelik negızderi. Doctoral dissertation: 6D011000- Fizika. [Methodological foundations of teaching future physics teachers the course "Molecular Physics" in a professional direction. Doctoral dissertation: 6D011000-Physics] - Türkıstan, 2024. — 159 b. (in Kazakh)

Sorge S., Kröger J., Petersen S., & Neumann K. (2019) Structure and development of pre-service physics teachers' professional knowledge. International Journal of Science Education, 41(7). — P. 862–889. <https://doi.org/10.1080/09500693.2017.1346326> (in English)

Ngaisah F., Ramli M., Karyanto P., Nasri N.F., & Halim L. (2018) Science teachers' practical knowledge of inquiry-based learning. Journal of Turkish Science Education, 15(Special Issue), 87–96. <https://doi.org/10.12973/tused.10260a> (in English)

Nguyen T.L., Nguyen V.B., & Tran N. C. (2024) Developing experimental competency in pre-service physics teachers with an inquiry-based approach. Jurnal Pendidikan Fisika Indonesia, 20(1). — P. 13–26. <https://doi.org/10.15294/jpfi.v20i1.50208> (in English)

Mykolaiko V. (2023) Teaching-pedagogical practice in the system of professional training of future physics teachers. Pedagogy and Education Management Review, 3(13). — P. 39–51. <https://doi.org/10.36690/2733-2039-2023-3-39-51> (in English)

Kyriazis N., Stylos G., & Kotsis K. (2025) Impact of inquiry-based laboratory activities on understanding heat concepts and self-efficacy in pre-service teachers. Journal of Pedagogical Research, 9(2). — P. 45–61. <https://doi.org/10.33902/JPR.202530426> (in English)

Ariani T., Maison M., Purwaningsih S., & Hariyadi B. (2026) Science process skills profile of pre-service physics teachers in an inquiry-based laboratory integrated with local context. Formatif: Jurnal Ilmiah Pendidikan MIPA, 16(1). — P. 112–126. Available online at <https://journal.lppmunindra.ac.id/index.php/Formatif/inde> (in English)

Bakhytzhanova A., Tolegenova S., & Nurmaganbetov A. (2026) Scientific and methodological foundations for enhancing research competence of future physics teachers. Frontiers in Education, 11, Article 1750370. <https://doi.org/10.3389/feduc.2026.1750370> (in English)

Nametkulova F.D., Sugirbekova A.K. (2025). Bolaşaq fizika mūğalimderiniñ eksperimenttik dağdysynyñ damuyna özındık refleksianyñ yqpaly. [The influence of self-reflection on the development of experimental skills of future physics teachers]. JU HABARŞYSY 4(117), 2025. — P. 175-187 bb DOI <https://doi.org/10.53355/ZHU.2025.117.4.015> (in Kazakh)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 3